

## Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1250. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994.12.28. N 1478 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 136 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне министрдің

3 орынбасарын, оның ішінде министрдің I бірінші орынбасарын, сондай-ақ 13 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 9 қарашадағы

N 1250 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

орталық аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Заң жөніндегі бас басқарма

Халықаралық құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (жетекші)

Соттардың жұмысын ұйымдастыру басқармасы (жетекші)

Қоғамдық және діни бірлестіктер істері жөніндегі басқарма  
(жетекші)

Кадр және оқу орындары басқармасы (жетекші)

Әскери соттар басқармасы (жетекші)  
Бірінші және құқықтық статистика бөлімі (жетекші)  
Нотариат, азаматтардың хал актілерін тіркеу және адвокатура  
бөлімі (жетекші)  
Заң қызметі және құқықтық тәрбие бөлімі (жетекші)  
Қаржы-жоспарлау бөлімі (жетекші)  
Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі (дербес)  
Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (дербес)  
Шаруашылықты қамтамасыз ету және жабдықтау басқармасы (дербес)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК